



Пайдаланушы нұсқаулығына ҚОСЫМША

1. Bluetooth арқылы жұптастыру

! Ескертпе: Play-Fi CAP жүйесінің 506.3.0.063 немесе 506.3.0.077 нұсқасы бар бұл құрылғыны пайдалану үшін Bluetooth арқылы жұптастырмай тұрып Play-fi/Wi-Fi байланысының параметрлерін реттеу және оның жұмыс істеп тұруын қамтамасыз ету қажет. Өнімді бірінші рет пайдаланған кезде Play-fi/Wi-Fi параметрлерін реттеу үшін пайдаланушы нұсқаулығындағы "Wi-Fi (сымсыз байланыс) желісіне қосу" бөліміндегі нұсқауларды орындаңыз.

Bluetooth арқылы жұптастыру процедурасы:

1. Құрылғыны Bluetooth көзіне қосыңыз.
2. Қашықтан басқару пультіндегі Сигнал көзі түймесін  3 секундтан артық басып тұрыңыз. Болмаса, BT PAIR таңдау үшін параметрлер мәзірі  түймесін басыңыз және іске қосу үшін > түймесін басыңыз.
3. Телефондағы/планшеттегі қолжетімді құрылғылар тізімінен XXXXX-BT деп аталатын құрылғыны табыңыз (XXXXX – бұл Play-Fi реттеу кезінде таңдалған атау).
4. Тізімнен XXXXX-BT атауын таңдап, Bluetooth байланысы орнатылғанша күтіңіз. Ол әдетте 1-2 секундта орнатылады.